

УДК (UDC) 336.71(574)

**ACTIVITY OF THE BANKING SECTOR AND ITS
INFLUENCE ON THE STOCK MARKET OF KAZAKHSTAN**

L.A. Baibulekova,

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Narxoz University
Almaty c., Republic of Kazakhstan

G.R. Kasymbekova,

PhD, Associate Professor, Narxoz University

N.K. Zaitenova,

PhD, Associate Professor, University of International Business
Almaty c., Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose – The economic growth of Kazakhstan requires that a wide range of business entities has available funding sources. The main sources of business financing are the banking sector and the stock market. The aim of the work is to identify predictors of the existing problems of the banking sector of the Republic of Kazakhstan as the main professional participant of the stock market and on this basis to identify some possible ways to enhance the development of the national stock market.

Methodology – In the process of research, general methods of scientific knowledge were used, such as analysis, synthesis, induction and deduction, econometric research methods, including correlation analysis.

Originality / value – Based on the study of the characteristics of the current state of the Kazakhstan banking sector (professional stock market participant), its analysis was conducted. Based on the analysis, internal factors, that multiply the impact of negative phenomena in the banking sector on the financial and real sectors of the economy, are identified.

Findings – The authors found that: the banking sector is ineffective in the redistribution of capital flows between sectors of the economy; there is a close feedback between the level of depth of financial relations and non-performing loans; imbalances in lending to the economy of Kazakhstan increased the imbalance of the economy, as well as strengthened inflationary processes; a correlation analysis showed that inflation in Kazakhstan is non-monetary in nature; in modern conditions it is possible to further enhance the development of the domestic stock market, etc.

Keywords – stock market, banking sector, loan portfolio, NPL, monetization level.

БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА ӘСЕРІ

Л.А. Байбулекова,
э.ғ.к., ассоц. профессор «Нархоз университеті» АҚ
Г.Р. Касымбекова,
PhD, доцент «Нархоз университеті» АҚ
Н.К. Зайтенова,
PhD, доцент Халықаралық бизнес университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстанның экономикалық өсуі бизнес-құрылымдардың кең ауқымы бар қаржыландыру көздеріне ие болуын талап етеді. Бизнесі қаржыландырудың негізгі көздері – банк секторы және қор нарығы. Жұмыстың мақсаты – қор нарығының негізгі кәсіби қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасының банк секторының проблемаларын болжаушыларын анықтау және осы негізде ұлттық қор нарығын дамытудың кейбір ықтимал жолдарын айқындау.

Әдіснама – зерттеу үдерісінде корреляциялық талдауды қоса алғанда, талдау, синтез, индукция және дедукция, эконометрикалық зерттеу әдістері сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Ерекшелік/құндылық – кәсіби қор нарығының қатысушысы ретінде Қазақстандық банк секторының қазіргі жағдайының ерекшеліктерін зерттеу негізінде талдау жүргізілді. Талдаудың негізінде, банк секторындағы жағымсыз құбылыстардың экономиканың қаржылық және нақты секторларына әсерін көбейтудің ішкі факторлары анықталды.

Авторлармен келесі қорытындылар жасалды – банк секторы экономика салалары арасындағы капитал ағынын қайта бөлу кезінде тиімсіз; қаржы қатынастары тереңдігінің деңгейі мен жұмыс істемейтін қарыздар арасында тығыз кері байланыс бар; Қазақстан экономикасындағы несиелеу диспропорциялары экономиканың тепе-теңдігінің бұзылуын, сонымен қатар инфляциялық процестерді күшейте түсті; корреляциялық талдау Қазақстандағы инфляцияның монетарлық емес сипатта екенін көрсетті; қазіргі жағдайда отандық қор нарығының дамуын әрі қарай жеделдетуге болады.

Түйінді сөздер: қор нарығы, банк секторы, несие портфелі, NPL, монетизация деңгейі.

КІРІСПЕ

Әлемдік үдерістердің тұрақсыздығы аясында Қазақстанның банк секторы қазіргі уақытта өтпелі кезең мен тұрақсыздықты бастан кешуде.

Осы саладағы көптеген ғылыми мақалалардың бар болуына қарамастан, қазіргі экономикалық әдебиеттерде қаржы ресурстарын бөлудегі классикалық делдал ретінде экономиканың банк секторының тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мәселелері толығымен зерттелмеген.

Банктердің қызметін оңтайлы тиімді деп бағалауға мүмкіндік бермейтін бірнеше шешілмеген проблемалар бар. Мұндай проблемалар: ұзақ мерзімді қорлардың тапшылығы, жоғары несиелік тәуекелдер, жұмыс істемейтін сапасыз несиелер портфелінің өсуі және т.б. Ішкі проблемалар сыртқы соққыларды көбейтеді. Қазақстанда банктік қызметтің тиімділігін арттыру мәселесі тұрақсыздық пен қор нарығының қазіргі жағдайында ерекше орын алды.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Банктер кәсіби институционалдық инвесторлар ретінде ел экономикасында маңызды рөл атқарады [1].

Қазақстан Республикасының (ҚР) банк секторы активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы 47%-ті құрайды, тиісінше, банктердің қаржылық тұрақтылығы, олардың негізгі функцияларды орындау тиімділігі қор

нарығының және жалпы экономиканың тұрақты жұмыс істеуі үшін стратегиялық маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының банк секторында 2018 жылдың 1 қазанында толық қызмет көрсетіп жатқан екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) саны 28, жыл басында 32 болған еді. Олардың 14-нің капиталы шетелдік құрылтайшылардың қатысуымен құрылған. Банк активтері 24539 млрд. теңгені (ЖІӨ-нің 42,1%-ін) құрады, оның ішінде несиелер портфелі 50%-тен жоғары немесе 13194 млрд. теңге құрады. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар несиелер (NPL) 1123 млрд. теңгеден астам немесе несиелер портфелінің 8,5%-ін құрады. Реттеуіш капитал 3666,8 млрд. теңге немесе 14,9% мөлшерінде қалыптасты. Банк секторының табыстары 506 млрд. теңгеден жоғары, ROA - 2,35%, ROE - 19,01% құрады [2].

Қазақстан экономикасының дағдарысқа дейінгі кезеңдегі динамикалық дамуы банк жүйесіндегі тиісті өзгерістерді талап етті (1-кесте).

1-кесте. ҚР банк секторының 2000-2018 жж көрсеткіштері

Жыл	Активтері			Несиелері			Депозиттері		
	млрд. теңге	өсу қарқыны, %	ЖІӨ-гі үлесі %	млрд. теңге	өсу қарқыны, %	ЖІӨ-гі үлесі %	млрд. теңге	өсу қарқыны, %	ЖІӨ-гі үлесі %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2008	11 890	101,8	74,1	9 245	104,2	57,6	6 873	107	42,8
2009	11 557	97,2	68	9 639	104,3	56,7	7 799	113,5	45,9
2010	12 031	104,1	55,2	9 066	94,1	41,6	6 851	87,8	31,4
2011	12 818	106,5	45,4	10 473	115,5	37,1	7 799	113,8	27,6
2012	13 880	108,3	44,8	11 658	111,3	37,6	8 533	109,4	27,5
2013	15 462	111,4	43	13 348	114,5	37,1	9 846	115,4	27,3
2014	18 239	118	46	14 184	106,3	35,8	11 351	115,3	28,6
2015	23 780	130,4	58,2	15 554	109,7	38	15 605	137,5	38,2
2016	25 557	107,5	54,4	15 511	99,7	33,0	17 269	110,6	36,8
2017	24 158	94,5	46,5	13 591	87,6	26,2	16 681	96,6	40,7
2018	24 539	101,6	42,1	13 194	97,1	22,7	16 639	99,7	28,6


Ескерту – [2] әдебиет бойынша авторлармен құрастырылған.

Кестеден көріп отырғанымыздай, талдау кезеңінде банк секторының барлық негізгі көрсеткіштері жоғары қарқынмен дамып келеді. 2005-2007 жылдары екінші деңгейдегі банктердің жиынтық активтері (ЕДБ) ЖІӨ 59,5% -нен 91,0%-не дейін өсті, ал 2000 жылы банк секторы 20% ғана болды. Банктердің депозиттік портфелі бір жыл ішінде орта есеппен 57%-ке өсті, ал 2007 жылдың аяғында ол ЖІӨ-нің 50%-ін құрады. Банктердің несиелер портфелі жоғары қарқынмен өсті, орташа алғанда 2001-2007 жылдар аралығында несиелеу көлемі 68%-ке өсті.

Шетелдік қаржы көздерінен банктік бизнесті қаржыландыру шетел банктерінің несиелік белсенділігінің артуы, арзан ресурстар және пайыздық ставкалардың төмен деңгейі негізінде жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тұрақты айырбастау бағамының режимін қолдауы банктердің сыртқы есеп айырысулармен байланысты тәуекел деңгейінің айтарлықтай төмендеуіне ықпал етті [3].

Ресми статистика мәліметтеріне сәйкес, несиелер портфелінің сапасы нашарлауы 2009 жылы басталған, осы жылы сапасыз несиелер үлесі несиелер портфелінің жалпы көлемінің 7,5%-нен 21,6%-не дейін өскен. Алдағы төрт жылда жұмыс істемейтін несиелердің көлемі 31,2%-ке жетті, жалпы жұмыс

істемейтін несиелік портфелінің үлесі 2009 жылдан 2015 жылға дейін өсуі 601% -ке жетті немесе 2 864 млрд. теңгені құрады (1-сурет).



1 – сурет. ҚР ЕДБ сапасыз несиелерінің 2008-2016 жж.үлесі

Ескерту – [4] әдебиет бойынша авторлармен дайындалған

Қазақстандық банктердің проблемалық несиелерінің жиынтық портфелін қарастырамыз, 2009 жылдың басында олардың көлемі 476 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар жұмыс істемейтін несиелердің 88%-нің 6 банкке тиесілі болғанын көруге болады: «Казкоммерцбанк» АҚ - 24,4%, «Альянс Банк» АҚ - 16,6%, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ - 16,46%, «БТА Банкі» АҚ - 13,28%, «АТФБанк» АҚ - 9,9% және «ТЕМІРБАНК» АҚ - 7,9% [5].

Несиелік портфельдегі проблемалық несиелердің үлесі «ТЕМІРБАНК» АҚ - 14,6% және «Альянс Банк» АҚ - 11,5% қоспағанда барлық банктерде қолайлы деңгейде болды. Алайда 2010 жылдың қаңтарында ұзартылған берешегі бар қарыздардың көлемі 1563,9 млрд. теңгеге көбейді, оның 1510 млрд. теңгесі жоғарыда көрсетілген банктерге тиесілі болды.

Әлемдік қаржы дағдарысы банк жүйесіне әсер етті және 2013 жыл отандық банк секторы үшін несиелік портфельіндегі проблемалық несиелер бойынша қатерлі жыл болды. Бұл көрсеткіш ресми түрде 37%-тен асты, яғни өте жоғары. 2014 жылдан бастап ҚР ҰБ талаптарының күшеюімен байланысты бұл көрсеткіш төмендей бастады.

Екінші кестеде 2015 жылдағы жалпы әлемдегі NPL-дің деңгейі көрсетіледі. Әлемдегі бұл көрсеткіштің орташа мәні 4,2%-ті құрайды, ал ең төменгі көрсеткіш берілген несиелердің ЖІӨ-ге (қаржы қатынастарының деңгейі) қатынасы жоғары болған елдерде байқалады: Дания (179%), Исландия (99%), Таиланд (115%), Жапония (110%), Швеция (132%), Австралия (130%), Малайзия (121%). Қазақстанда қаржылық қатынастардың тереңдігінің берілген көрсеткіші 34%-ті құрайды.

2-кесте. Әлемдегі NPL деңгейі (2016ж.)

Елдер	Жұмыс істемейтін банктік несиелердің жалпы несиелерге қатынасы*, %	Ішкі несиелердің ЖІӨ қатынасы, %	Банк капиталының банк активтеріне қатынасы, %
1	2	3	4
Греция	33,8	..	8,1
Албания	22,8	37	9
Тәжікстан	21,2	20	14,9
Ирландия	20,7	..	12,7

Украина	19	61	11,2
Италия	17,3	..	5,9
Венгрия	15,6	43	9,1
Румыния	13,9	31	7,4
Әзербайжан	12,7	31	17
Қазақстан	12,4	34	13,7
Армения	7	47	13,6
Ресей Федерациясы	6,7	59	8,5
Чехия Республикасы	5,6	50	7,3
Беларусь	4,4	23	13,3
Дания	4,4	179	7,3
Исландия	4,3	99	24
Бразилия	2,9	69	9
Таиланд	2,3	115	9,2
Панама	2,2	82	10
Жапония	1,9	110	5,5
АҚШ	1,9	..	11,7
Малайзия	1,6	121	10
Швеция	1,2	132	5,1
Австралия	1,1	130	5,9
Әлем бойынша орташа	4,2	..	10
<i>Ескерту – [5] әдебиет бойынша авторлармен құрастырылған.</i>			
<i>*Қалыптастырылған резервтер шегерілгендегі проблемалық несиелер</i>			

Бұл индикаторлар арасында тығыз кері байланыс бар екені белгілі (корреляциялық коэффициент -0,64 тең), қаржы қатынастарының тереңдік деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым NPL көрсеткіші төмен (3-кесте).

3-кесте. «Қаржылық қатынастардың тереңдік» көрсеткіші мен жұмыс істемейтін несиелер деңгейінің корреляциялық коэффициенті

Көрсеткіштер	Ішкі несиелердің ЖІӨ-ге қатынасы	Жұмыс істемейтін банктік несиелердің жалпы несиелерге қатынасы
1	2	3
Ішкі несиелердің ЖІӨ-ге қатынасы	1	
Жұмыс істемейтін банктік несиелердің жалпы несиелерге қатынасы	-0,64436	1
<i>Ескерту – [5] әдебиет бойынша авторлармен есептелген.</i>		

Дегенмен, бірқатар ғалымдардың пікірі бойынша, несиелердің ЖІӨ-ге қатынасының жоғары деңгейі экономиканың «қызып кетуін» көрсетеді. Біздің пікірімізше, бұл көрсеткішті экономика салалары, валюталар және несиелеу мерзімдері бойынша қарастыру қажет. Қаржылық делдалдық деңгейінің есептік параметрлері банктердің экономикадағы капиталды қайта бөлудегі несиелік механизмінің төмен тиімділігін көрсетеді. Экономиканың секторлары бойынша несие құрылымында олардың басым бөлігі сауда саласына берілген несиелер болып табылады (айналым деңгейі жоғары болатын несиелер) [6].

Отандық экономикадағы өндіріс қуаттарының қазіргі даму деңгейі өнеркәсіп кәсіпорындарын қаржыландыру процесіне банктердің қатыспауын көрсетеді. Қазіргі таңда отандық банк секторының капитал ағындарын тиімді басқаруға және оларды жоғары қосымша құны бар салаларға бағыттауға мүмкіндігі жоқ деген біздің ұсынысымызды дәлелдейді.

Отандық банктердің қаржылық делдалдық деңгейінің төмен дамуы негізінен пассивтердің ерекше құрылымымен байланысты, яғни сауда саласының кәсіпорындарын қысқа мерзімді қаржыландыру көздерімен қамтамасыз ету (4-кесте).

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің несиелер портфелінің құрылымына талдау экономиканың нақты секторына емес, саудаға, жылжымайтын мүлікке, қызмет көрсетуге алынған қаражаттарды инвестициялаудың басымдықтары инвестицияланған қаражаттың жылдам қайтарылуын қамтамасыз етуде сақталғандығын көрсетеді. Академик К.А.Сағадиевтің айтуынша: «Кейбір банктер тұтынушылық идеологиясын ынталандырып, халыққа автокөліктерді, жиһазды және басқа да тұтынушылық мақсаттарға сатып алу үшін қамтамасыз етілмеген несиелерді ұсынды...» [7].

Банк мекемелері жоғары пайда әкелетін, бірақ сонымен бірге жоғары тәуекелмен байланысты қысқа мерзімді тұтыну несиелеріне бағытталған.

2004 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде тұтынушылық несиелердің үлесі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жалпы ішкі қарыздарының 20,5%-нен (2004ж.) 53%-ке дейін (2018ж.) өзгерді. Бұл біршама алаңдаушылық тудырады, өйткені ұзақ мерзімді перспективада банктер осы несиелер сегментін қолданады. Тұтыну несиелерінің қарқынды өсуі оларды шектеу шараларын талап етеді.

4 – кесте Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің 2004-2018 жж. несиелерінің мерзімдері, валюталары, несиелер субъектілері бойынша құрылымы, %

Жыл соңы	Ұлттық валютамен	Шетел валютасымен	Қасқа мерзімді	Ұзақ мерзімді	Заңды тұлғаларға	Жеке тұлғаларға
1	2	3	4	5	6	7
2004	48,1	51,9	34,3	65,7	79,5	20,5
2005	48,5	51,5	33,5	66,5	74,2	25,8
2006	51,6	48,4	26,8	73,2	67,3	32,7
2007	57,3	42,7	20,1	79,9	64,5	35,5
2008	55,8	44,2	20,4	79,6	68,7	31,3
2009	51,6	48,4	15,9	84,1	70,9	29,1
2010	57,7	42,3	16,4	83,6	72,1	27,9
2011	64,7	35,3	19,3	80,7	73,3	26,7
2012	70,7	29,3	19,6	80,4	71,3	28,7
2013	70,3	29,7	18,9	81,1	67,9	32,1
2014	70,8	29,2	20,6	79,4	66,8	33,2
2015	66,3	33,7	17,0	83,0	67,1	32,9
2016	67,5	32,5	17,4	82,6	68,2	31,8
2017	76,2	23,8	18,0	82,0	59,3	40,7
2018	75,5	24,5	20,8	79,2	47,0	53,0

Ескерту – [4] әдебиет бойынша авторлармен есептелген.

Қазақстанның экономикасына несиелер берудегі теңгерімсіздік әлеуетті инфляцияны арттырды. Реттеу органдары нақты активтермен қамтамасыз етілмеген бос ақшадан туындайтын тұтынушылық сұраныстың құрамдас бөлігін азайту және инфляцияны төмендету мақсатында банк секторының табыстылық қисығын қалыптастыру үшін оны екі есе арттырып, негізгі ставка тетігін енгізді.

Бұл механизм ақша-несиелер саясатының жалпыға бірдей қабылданған және ақшалай цикл деп аталатын реттеудің әлемдік тәсілі болып табылады. Жоғары инфляция жағдайында Ұлттық Банк бұл ставканың мәнін жоғарылатты. Бұл ставка, күтілгендей, валюта бағамына әсер етті. Ұлттық Банк қатаң ақша-несиелер саясатының стратегиясын таңдады және монетарлық инфляциямен күресуге бағытталды. Алайда, егер талдау жүргізілетін болса, Қазақстанда монетарлық инфляция іс жүзінде болған жоқ.

Корреляциялық талдауды жүргізгеннен кейін (5-кесте) инфляцияның өсуі мен ақша массасының өсуі арасындағы байланыстың жоқтығы байқалады, керісінше, ақша массасының өсуі мен тұтыну бағаларының индексі арасында әлсіз кері байланыс бар. Негізінен, тұтыну бағасының индексінің өзгеруі ұсыныс инфляциясына байланысты. Ұсыныс инфляциясы ішкі нарықта өзіндік өндірістің болмауына байланысты ішкі валюта бағамының қозғалысы нәтижесінде импорттың бағасының өсуімен түсіндіріледі, бұл шығындардың үлесі айтарлықтай әсер етеді.

5 - кесте. Тұтыну бағаларының индексі мен М1 және М2 ақша агрегаттары арасындағы корреляция

Көрсеткіштер	Тұтыну бағаларының индексі	М1 ақша агрегаты	М2 ақша агрегаты
1	2	3	4
Тұтыну бағаларының индексі	1	-	-
М1 ақша агрегаты	-0,30	1	-
М2 ақша агрегаты	-0,28	0,98	1

Ескерту – [4] әдебиет бойынша авторлармен есептелген.

Инфляция деңгейімен, ақша массасының көлемі мен ұлттық валюта бағамының арасындағы корреляциялық қатынастарды анықтауға арналған базалық деректер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен ҚР Статистика жөніндегі комитетінің деректерінен алынған [5;8].

6-кестеде келтірілген есепте корреляциялық көрсеткіш инфляцияның өсуі мен курстың өзгеруі арасындағы маңызды қатынастардың болуын көрсетеді.

6-кесте. Тұтыну бағаларының индексі мен теңге динамикасының ара қатынасы

Көрсеткіштері	Тұтыну бағаларының индексі	Теңгенің курсы
1	2	3
Тұтыну бағаларының индексі	1	-
Теңгенің курсы	0,63	1

Ескерту - [4] әдебиет бойынша авторлармен есептелген.

Дегенмен, корреляция коэффициенті 0,63 құрайды, бұл инфляция деңгейіне әсер ететін басқа да факторлар бар екенін білдіреді. Бұл факторлар: табиғи монополиялардың тарифтері, несиелер бойынша пайыздар, салықтар және салықтық емес төлемдер мен алымдар [5].

Қазақстандағы шығындар инфляциясы экономиканың импортқа тәуелділігіне негізделген, ол ақша-несие саясатын қатаңдату жөніндегі шаралармен шешілмейді.

Әрине, ақша-несие саясатын қатаңдату арқылы ақша нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады, бірақ, сонымен бірге біз шығындар инфляциясын төмендетіп, өндірісті жоғарылату үшін қажетті экономикалық даму мен жаңғырту мүмкіндіктерін нашарлатып жатырмыз. Жоғары проценттік ставкалар жағдайында экономиканы, әсіресе оның нақты секторын дамыту күрделі мәселеле болып табылады, жоғары инфляциямен сипатталатын дамудың аталған үлгісі стагфляцияға алып келуі мүмкін. Нәтижесінде, бұндай қатаң ақша саясаты нақты ЖІӨ-нің төмендеуіне айтарлықтай әсер етуі ықтимал.

Қаржылық делдалдық деңгейін төмендету несиелер механизмін тиімсіз пайдалануды білдіреді. Банктердің активтеріндегі несиелер үлесінің жыл сайынғы төмендеуіне назар аударған жөн, бұл банктердің өздерінің негізгі функцияларынан алшақтауын көрсетеді. Экономикаға банктердің қатысу деңгейі төмен болғандықтан, олардың қызметі нақты сектордың дамуына ықпал етпейді, ал жоғары проценттік ставкалар жағдайларында қаражатты бөлудің бұл арнасы экономикалық дамуға өз әсерін мүлдем жоғалтады.

Біздің ойымызша, келесі басты мәселелердің бірі - экономиканы монетизациялаудың өте төмен көрсеткіші болып табылады. Монетизация көрсеткіші қаржы жүйесінің және экономиканың дамуын сипаттайды (7-кесте) [9].

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2007-2008 жылдардағы Қазақстан экономикасының монетизациялау коэффициенті 36-39% деңгейінде болды, 2009 жылғы ақпанда өткен девальвацияның салдарынан бұл көрсеткіш 44% -ке дейін өсті. Өсуі ақша массасының құрамдас бөлігінің үлес салмағы (есептеулерде М3 ақша агрегаты қолданылған), тиісінше девальвациядан кейін, валюталық компоненттің теңгелік мәнінің айтарлықтай артуымен байланысты. 2010 жылдан бастап осы коэффициенттің төмендеу үрдісі байқалады, бес жыл ішінде монетизация деңгейі, 2009 жылғы 44%-тен 2014 жылдың соңында 32,3%-ке дейін төмендеді.

Негізінде, Қазақстан экономикасының монетизациялау деңгейі басқа елдермен салыстырғанда бұдан да төмен, өйткені қазақстандық тәжірибеде аталған көрсеткішті есептеу үшін М3 ақша агрегаты пайдаланылады, алайда М2 ақша агрегатын қолдану тиімдірек болар еді [9].

Теңгені монетизациялау коэффициенті 2016 жылдың аяғында шамамен 27%-ке тең. 2015 жылы теңгенің әлсіреуі осы көрсеткіштің өсуіне әсер етті.

7-кесте. 2000-2018 жылдарға арналған Қазақстан экономикасының монетизациялау коэффициентінің динамикасы (М3 / ЖІӨ)

Жыл соңы	Ақша массасы (М3), млрд.теңге	Жалпы ішкі өнім, млрд.теңге	М3/ЖІӨ, %
1	2	3	4
2000	397	2 600	15,27
2001	576	3 251	17,72
2002	765	3 776	20,26
2003	972	4 612	21,07
2004	1 650	5 870	28,11
2005	2 065	7 591	27,21
2006	3 678	10 214	36,01
2007	4 630	12 850	36,03
2008	6 267	16 053	39,04
2009	7 487	17 008	44,02
2010	8 483	21 816	38,88
2011	9 752	28 243	34,53
2012	10 523	31 015	33,93
2013	11 598	35 999	32,22
2014	12 817	39 676	32,30
2015	17 208	40 884	42,09
2016	19 913	46 971	42,39
2017	19 262	51 567	37,35
2018	19 896	53 526	37,17

Ескерту - [4] әдебиет бойынша авторлармен есептелген


Шет елдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда, яғни экономикалық жүйенің түрлі салаларын дамытудағы тәжірибемен алмасатын мемлекеттерде, атап айтқанда, қаржы секторындағы үрдістерді реттеу тәжірибесі, біздің экономикамыздың монетизациялану деңгейі өте төмен (2-сурет).

Сонымен, экономикалық агенттерді несиелеудегі банк мекемелерінің басымдықтары ұлттық экономиканың құрылымындағы теңгерімсіздікті көрсетеді, олардың өсуі инвестицияларға емес, тұтынуға негізделген. Өткен жылдардағы тиімсіз несиелеудің салдарынан банк жүйесінде проблемалы

несиелердің көлемі айтарлықтай көбейіп кеткен. Бұндай несиелер әлеуетті инфляцияны ғана арттырды, өйткені бұл қаражаттардың көпшілігі нақты ұлғайтылған құнды құруға емес, тұтынуға немесе импортқа жұмсалды.

Экономиканы несиелеу арқылы банк секторының өсуін іске асыру тұрақты қорландыру базасын қалыптастыруды талап етеді [12].


Әлемдік капитал нарықтарындағы өтімділіктің қысқартылуы, қарыздар бойынша шығындардың ұлғаюымен қатар банктердің сыртқы міндеттемелерді қайта қаржыландыру қабілеттерінің төмендеуіне әкелді. Ақшалай қаражаттар ағындарының азаюы және екінші деңгейдегі банктердің сыртқы міндеттемелерін өтеуге кеткен төлемдері сыртқы қаржыландыру көздері деңгейінің төмендеуіне ықпалын тигізді.



2 – сурет. 2016 жылдағы елдер экономикасын монетизациялау деңгейі.

Ескерту – [5, 11] әдебиеттер бойынша авторлармен құрастырылған.

Жалпы алғанда, 2008 жылдың ортасынан бастап екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қарыздары 2016 жылдың аяғында 45,9 млрд. доллардан 7,15 млрд.долларға дейін төмендеді (3-сурет).



3 – сурет. ҚР ЕДБ сыртқы қарызының динамикасы мен құрылымы.

Ескерту – [4] әдебиет бойынша авторлармен құрастырылған.

Банк секторының міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерін азайту негізінен әлемдік капитал нарықтарының қолжетімділігін шектеу арқылы шетелдік кредиторлар алдындағы міндеттемелерді қысқартумен байланысты. Нәтижесінде, банк секторының ресурстарын қаржыландырудың негізгі базасы ретінде клиенттер салымдары қолданылады. Депозиттер банк

міндеттемелерінің құрылымындағы тұрақсыз элемент, себебі олардың үштен екі бөлігі қысқа мерзімді міндеттемелер болып табылады. Мерзімді депозиттер де тұрақты қаражаттар категориясына жатпайды, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, клиент қаражаттарды мерзімінен бұрын талап ете алады. Жалпы, банк ресурстарының қымбат және тұрақсыз базасы нақты сектордың кәсіпорындарына ұзақ мерзімді несиелеуді жүзеге асыруда банк секторының әлеуетін шектеді.

Банктердің қазіргі міндеттемелерінің валюталық құрылымы шетел валютасындағы депозиттердің басым болуымен қалыптастырылуы да осы жағдайды қиындатады. Тиісті валютада жалпы табыстары жоқ экономикалық агенттерге берілген шетел валютасындағы несиелер агенттердің де, несие беретін банктердің де қаржылық тәуекелдерін арттырады. Сонымен қатар, банк міндеттемелерінің валюталық құрылымына (депозиттік базаға), тіпті ұлттық валютаның айырбастау бағамындағы өзгерістер де қатты әсер етеді.


Біз назарымызды екінші деңгейдегі банктердің Loan-to-deposits (LTD) көрсеткішінің жоғары деңгейіне аударып отырмыз. Несиелік портфельдің депозиттік портфельге қатынасы бойынша анықталатын LTD көрсеткіші банктің ұзақ мерзімді өтімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады [13].

Аталған көрсеткіштің 80% шамасындағы мәні қаржы нарығының ауытқуы банк міндеттемелеріне ықпал етпейді және банкаралық несиелендіру жағдайындағыдай, міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеу қажеттілігіне әкелмейтінін білдіреді. Банктің осындай бизнес-моделі ұзақ мерзімді перспективада сәтті деп саналады.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстанның банктеріндегі LTD көрсеткішінің ең үлкен мәндері 2001 жылы - 148,2%, ал 2003 жылы - 148,7% тіркелді. Жалпы алғанда, өзгерістері циклдық сипатта болған, өсу қарқыны келесі жылдарда төмендейді, алайда 2001 жылдан бастап 2014 жылға дейін көрсеткіші жоғары 133,04%-ті құрады, ал 2007 жылы дағдарыс алдында қарыздар депозиттердің сомасынан 38%-ке асты. Соңғы төрт жылда көрсеткіштің төмендеуі байқалды, 2018 жылдың соңында жиынтық несие портфелінің депозиттік портфельге қатынасы 81,5% (4-сурет).

Салыстырмалы түрде алатын болсақ, Қытайда LTD көрсеткіші пруденциалдық норматив болып табылды және соңғы жиырма жыл бойы тәуекелдерді болдырмау жөніндегі шаралардағы депозиттердің 75%-не дейін несие берілді.

Қытайдың реттеу органдары бұл шараны негізі жоқ деп, 2015 жылдың қазан айында күшін жойды. Халықаралық есеп айырысу банкінің сарапшыларының пікірінше, шектеуді алып тастау Қытай елінің банк секторында жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін деп санайды [14].



4 – сурет. ҚР ЕДБ LTD көрсеткішінің 2000-2018 жж. динамикасы, %

Ескерту – [4] әдебиет бойынша авторлармен құрастырылған.

Дамып келе жатқан елдердің орталық банктері капитал нарығындағы келеңсіз жағдайлар орын алғанда келесі шараларды қолданады, оларды қарастыратын болсақ. Банк секторындағы депозиттік емес қаржыландыру көздеріне жоғары тәуелділік болған жағдайда және сәйкесінше, несиелер 25-30%-ке немесе одан жоғары мөлшерде депозиттерден асып кетсе, депозиттер бойынша бақылау ставкаларын бекітетін реттеу органдары депозиттер тарту үшін проценттік ставкаларды көтеруге мәжбүр болады.

Банк ресурстарын қаржыландырудың негізгі көзінің бағасының өсуі қарыз алушылар үшін қарыз капиталының құнын ұлғайтуға әсер етеді. Бұл, өз кезегінде, экономикалық құлдырау кезінде борыштық жүктемені төлей алмайтын компаниялар үшін қиынға түседі. Сонымен қатар, «нашар қарыздар» мәселесі күшейе түседі - банктердің несиелік портфельдері сапасының нашарлауы NPL үлесінің ұлғаюына әкеледі. Қазақстанда да жоғарыда айтылғандардың барлығы соңғы жылдары отандық банк секторында орын алған қалыпты жағдай деп айтуға болады.

Дегенмен, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, LTD-ның жоғары көрсеткіші барлық уақытта ұзақ мерзімді өтімділіктің жоғары тәуекелін білдірмейді. Бұл көрсеткіштің жоғары мәндері негізінен банктердің агрессивті несиелік саясатымен байланысты. Осы стратегияны таңдау банк ресурстарын қаржыландырудың ең тұрақты депозиттік емес көздеріне қолжетімділіктің болуын білдіреді. Мысалы, қор нарығының ұзақ мерзімді құралдары, экономиканың басым секторларын дамыту және экспорт-импортты несиелендірудің түрлі бағдарламалары бойынша мемлекеттік қаржыландыру жоғары өтімділік тәуекеліне ұшырамайды. Активті операцияларды қаржыландыратын қысқа мерзімді банкаралық несиелендіру, керісінше, оны әлсіретеді [15].

LTD өтімділік тәуекелінің көрсеткіші ғана емес, біздің пікірімізше, ол бірінші кезекте банктің бизнес-моделіндегі стратегиялық тәуекел деңгейін анықтайды. Қаржыландырудың тұрақсыз көздеріне негізделген активтерді агрессивті қалыптастыру стратегиясын іске асыру, банктің басшылығы мен иелері үшін LTD көрсеткішінің тұрақты деңгейінен максималды ауытқуын анықтап алуы керек. Халықаралық қаржы нарығындағы жағымсыз жағдайлардағы кез-келген өзгеріс, несиелік портфелінен депозиттік базаның өсу қарқынының артта қалуы жағдайында, бизнесті тәуекелге ұшыратады.

Біздің пікірімізше, банк ресурстарының депозиттік емес көздерінің қысқа мерзімді сипаты, банктердің активтер айналымының жылдамдығы жоғары болып келетін сауда саласының кәсіпорындарына басымдық берулерінің негізгі факторы болып табылады.

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРІ

1) Банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз етудің қазіргі тәжірибесі экономиканың секторлары арасындағы капитал ағынын қайта бөлу кезінде банк сегментінің тиімсіздігі салдарынан Қазақстанның жалпы экономикалық өсуіне кері әсерін тигізетіні анықталды.

2) Қаржылық қатынастар тереңдігі мен жұмыс істемейтін несиелер арасындағы өзара тығыз кері байланыс бар (сенімділік деңгейін анықтау үшін NPL көрсеткіші қолданылады, өйткені ол қазірдің өзінде жүзеге асырылған несиелік тәуекелді көрсетеді), қаржылық қатынастар тереңдігінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, NPL көрсеткіші соғұрлым төмен болады.

3) Қазақстан экономикасын несиелеудегі сәйкессіздіктер, экономиканың теңгерімсіздігінің, сондай-ақ инфляциялық процестердің артуына себеп болды. Тұтыну бағаларының индексі, ақша массасы және ұлттық валютаның айырбас бағамы арасындағы байланыстарды анықтау үшін жүргізілген корреляциялық талдау инфляцияның монетарлық емес сипатта екенін көрсетті, сондай-ақ инфляцияның өсуі мен курстың өзгеруі арасындағы оң қатынастар бар. Қазақстанда жаһандық кеңістікке шикізат жеткізуші ретінде әрекет ететін ел ретінде, дағдарыс құбылыстары өндірістің дамыған құрылымдарымен сипатталатын экономикаларға қарағанда көп дәрежеде көрінеді. Тауар шаруашылығында отандық өндірістің болмауы шикізатты тұтынуды ұлғайтуға мүмкіндік бермейді. Сонымен бірге, қор нарығының дамуы тауарлар мен қызметтер үшін әлемдік нарықтарда қалыптасқан сыртқы жағдайларға байланысты болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қор нарығының ең ірі қатысушылары ретінде коммерциялық банктер, экономиканың салалары бойынша несиелеу құрылымындағы сәйкессіздіктерде көрініс тапқан, экономикалық агенттердің ресурстарын қайта бөлу кезінде банктің несиелік механизмінің тиімсіздігін көрсетті. Соңғы дағдарыстың нәтижелері экономиканың қаржылық және нақты секторларының арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттігін көрсетеді. Қазіргі уақытта экономиканың қаржылық емес секторындағы, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіндегі көптеген кәсіпорындардың табыстылығы төмен, бұл оның қызметін қаржыландыру үшін қымбат тұратын несиелерді пайдалану мүмкіндігін жоққа шығарады.

Несиелеудегі сәйкессіздіктер экономиканың теңгерімсіздігін, сондай-ақ инфляцияның өсуін арттырды.

Осыған байланысты қор нарығындағы қызметті ырықтандыру және оның негізгі қатысушыларын ынталандыру тұрғысынан отандық қор нарығын жандандыруды ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. MSCI Index Research // MSCI. All rights reserved. Please refer to the disclaimer at the end of this document // msci.com. (дата обращения: 08.12.2018)
2. Фетисов Г.Г., О.И. Лаврушин, И.Д. Мамонова. Организация деятельности центрального банка: учебник / под общ. ред. Г.Г. Фетисова. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: КНОРУС, 2012. – 440 с.
3. Фридмен М. Основы монетаризма / под науч. ред. Козлова Д.А. – М.: ТЕИС, 2002. – 175 с.
4. Официальный интернет-ресурс Национального Банка Республики Казахстан // <http://nationalbank.kz> (дата обращения: 08.12.2018)
5. Официальный интернет-ресурс Всемирного банка // <https://data.worldbank.org> (дата обращения: 08.12.2018)
6. Зайтенова Н.К. Совершенствование системы регулирования и надзора банковского сектора Казахстана в условиях международной конвергенции финансовых рынков // Диссертация на соискание степени Доктора философии (PhD). – Алматы: Электронный ресурс, 2017. – 109с.
7. Сагадиев К.А. Кризис кризисом, но пора подумать и о будущем // АльПари. – 2009. – №4. – С.3–11.
8. Официальный интернет-ресурс Комитета по статистике Республики Казахстан // <https://stat.gov.kz> (дата обращения: 08.12.2018)
9. Zaitenova N.K., Tushmayeva Zh. The Formation of New Approaches towards the Regulation of Financial and Banking Sector // КазЭУ хабаршысы – Вестник КазЭУ. – Алматы, 2016. – №3. – P.143-149.
10. Официальный интернет-ресурс Международного валютного фонда // <http://www.imf.org> (дата обращения: 08.12.2018)
11. Подразделения исследований и анализа The Economist Group / <http://www.eiu.com> (дата обращения: 03.12.2018)
12. Baibulekova L.A., Zaitenova N.K. Evaluation of influence of macroeconomic shocks on the banking sector of Kazakhstan // International Journal of Economics and Financial Issues. – EconJournals. – 2016. – 6(S2). – P.188-194
13. Rose A.K., Spiegel M.M. Cross-Country Causes and Consequences of the 2008 Crisis: Early Warning // NBER Working Papers Series, 2009. – No.15357. – 55p
14. Alessi L., Detken C. Quasi real time early warning indicators for costly asset price boom/bust cycles: a role for global liquidity // European Journal of Political Economy, 2011. – Vol. 27, No.3. – P.520-533.
15. Jimenez G., Saurina J. Credit cycles, credit risk, and prudential regulation // International Journal of Central Banking, 2006. – P.65-98.
16. Melecky M., Podpiera A. Macroprudential Stress-Testing Practices of Central Banks in Central and South Eastern Europe: Comparison and Challenges Ahead // Emerging Markets Finance and Trade, 2012. – Vol.48, No.4. – P.118-134

REFERENCES

1. MSCI Index Research // MSCI. All rights reserved. Please refer to the disclaimer at the end of this document // msci.com. (data obrashcheniya: 08.12.2018)
2. Fetisov G.G., O.I. Lavrushin, I.D. Mamonova. Organizatsiya deyatelnosti central'nogo banka: uchebnik / pod obshch. red. G.G. Fetisova. – 4-e izd., pererab. i dop. – M.: KNORUS, 2012. – 440 s.
3. Fridmen M. Osnovy monetarizma / pod nauch. red. Kozlova D.A. – M.: TEIS, 2002. – 175 s.
4. Oficial'nyj internet-resurs Nacional'nogo Banka Respubliki Kazakhstan // <http://nationalbank.kz> (data obrashcheniya: 08.12.2018)
5. Oficial'nyj internet-resurs Vsemirnogo banka // <https://data.worldbank.org> (data obrashcheniya: 08.12.2018)
6. Zajtenova N.K. Sovershenstvovanie sistemy regulirovaniya i nadzora bankovskogo sektora Kazakhstana v usloviyah mezhdunarodnoj konvergencii finansovyh rynkov // Dissertatsiya na soiskanie stepeni Doktora filosofii (PhD). – Almaty.: EHlektronnyj resurs, 2017. – 109s.
7. Sagadiev K.A. Krizis krizisom, no pora podumat' i o budushchem // Al'Pari. – 2009. – №4. – S.3–11.
8. Oficial'nyj internet-resurs Komiteta po statistike Respubliki Kazakhstan // <https://stat.gov.kz> (data obrashcheniya: 08.12.2018)
9. Zaitenova N.K., Tushmayeva Zh. The Formation of New Approaches towards the Regulation of Financial and Banking Sector // KazEHU habarshysy – Vestnik KazEHU. – Almaty, 2016. – №3. – R.143-149.
10. Oficial'nyj internet-resurs Mezhdunarodnogo valyutnogo fonda // <http://www.imf.org> (data obrashcheniya: 08.12.2018)
11. Podrazdeleniya issledovanij i analiza The Economist Group / <http://www.eiu.com> (data obrashcheniya: 03.12.2018)
12. Baibulekova L.A., Zaitenova N.K. Evaluation of influence of macroeconomic shocks on the banking sector of Kazakhstan // International Journal of Economics and Financial Issues. – EconJournals. – 2016. – 6(S2). – P.188-194.
13. Rose A.K., Spiegel M.M. Cross-Country Causes and Consequences of the 2008 Crisis: Early Warning // NBER Working Papers Series, 2009. – No.15357. – 55p.
14. Alessi L., Detken C. Quasi real time early warning indicators for costly asset price boom/bust cycles: a role for global liquidity // European Journal of Political Economy, 2011. – Vol. 27, No.3. – P.520-533.
15. Jimenez G., Saurina J. Credit cycles, credit risk, and prudential regulation // International Journal of Central Banking, 2006. – P.65-98.
16. Melecky M., Podpiera A. Macroprudential Stress-Testing Practices of Central Banks in Central and South Eastern Europe: Comparison and Challenges Ahead // Emerging Markets Finance and Trade, 2012. – Vol.48, No.4. – P.118-134

ГРАНТТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Мақала жазылған аясында ҒЗЖ тақырыбы бойынша: №AP05135054 «Позициялау, генезисі және оңтайландыру-Қазақстан Республикасының қор нарығын ықпалдасу мен жаһандану жағдайындағы». Тапсырыс беруші – ММ «ҚР БҒМ Ғылым Комитеті»

SUMMARY

The article discusses certain key factors affecting the modern development of the banking sector as the main participants of the stock market of the Republic of Kazakhstan and the source of funding. Based on the use of general methods of scientific knowledge and the correlation method, key indicators of the domestic banking sector are identified and analyzed. Based on the analysis, internal factors, that multiply the impact of

negative phenomena in the banking sector on the financial and real sectors of the economy, are identified. The authors identified the inefficiency of the banking sector in the redistribution of capital flows between sectors of the economy, the inverse relationship between the depth of financial relations and non-performing loans, as well as imbalances in lending to the economy and the possibility of further activating the development of the domestic stock market, etc.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены некоторые ключевые факторы, влияющие на современное развитие банковского сектора как основных участников фондового рынка Республики Казахстан и источника финансирования. На основе использования общих методов научного познания и корреляционного метода выявлены и проанализированы ключевые показатели отечественного банковского сектора. На основе анализа определены внутренние факторы, мультиплицирующие воздействие негативных явлений в банковском секторе, на финансовый и реальный сектор экономики. Авторами выявлены неэффективность банковского сектора при перераспределении потоков капитала между отраслями экономики, обратная зависимость между уровнем глубины финансовых отношений и неработающими кредитами, а также диспропорции в кредитовании экономики и возможность дальнейшей активизации развития отечественного фондового рынка и др.